

ISSN 2224-5294

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

# Х А Б А Р Л А Р Ы

---

---

## ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

## NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ  
ҒЫЛЫМДАР СЕРИЯСЫ



СЕРИЯ ОБЩЕСТВЕННЫХ  
И ГУМАНИТАРНЫХ НАУК



SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

**2 (300)**

НАУРЫЗ – СӘУІР 2015 ж.

МАРТ – АПРЕЛЬ 2015 г.

MARCH – APRIL 2015

1962 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР АЙЫНАН ШЫҒА БАСТАҒАН

ИЗДАЕТСЯ С ЯНВАРЯ 1962 ГОДА

PUBLISHED SINCE JANUARY 1962

ЖЫЛЫНА 6 РЕТ ШЫҒАДЫ

ВЫХОДИТ 6 РАЗ В ГОД

PUBLISHED 6 TIMES A YEAR

АЛМАТЫ, ҚР ҰҒА  
АЛМАТЫ, НАН РК  
ALMATY, NAS RK

Б а с р е д а к т о р

ҚР ҰҒА академигі

**Пралиев С. Ж.**

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Баймұратов У.Б.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байпақов К.М.**; филос. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Есім Г.Е.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қирабаев С.С.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қошанов А.К.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нәрибаев К.Н.** (бас редактордың орынбасары); филос. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нысанбаев А.Н.**; заң ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сабикенов С.Н.**; заң ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сулейменов М.К.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сатубалдин С.С.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбжанов Х.М.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбусейтова М.Х.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Байтанаев Б.А.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Жақып Б.А.**; фил. ғ. докторы, проф., чл.-корр. НАН РК **Қалижанов У.К.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қамзабекұлы Д.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қожамжарова Д.П.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қойгелдиев М.К.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Құрманбайұлы Ш.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Таймағанбетов Ж.К.**; социол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Шәукенова З.К.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА құрметті мүшесі **Дербісәлі А.**

Р е д а к ц и я к ең е с і:

Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Белостечник Г.** (Молдова); Әзірбайжан ҰҒА академигі **Велиханлы Н.** (Азербайджан); Тәжікстан ҰҒА академигі **Назаров Т.Н.** (Тәжікстан); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Рошка А.** (Молдова); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Руснак Г.** (Молдова); Әзірбайжан ҰҒА корр. мүшесі **Мұрадов Ш.** (Әзірбайжан); Әзірбайжан ҰҒА корр. мүшесі **Сафарова З.** (Әзірбайжан); э. ғ. д., проф. **Василенко В.Н.** (Украина); заң ғ. докт., проф. **Устименко В.А.** (Украина)

Главный редактор

академик НАН РК

**С. Ж. Пралиев**

Редакционная коллегия:

докт. экон. н., проф., академик НАН РК **У.Б. Баймуратов**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **К.М. Байпаков**; докт. филос. н., проф., академик НАН РК **Г.Е. Есим**; докт. фил. н., проф., академик НАН РК **С.С. Кирабаев**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **А.К. Кошанов**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **К.Н. Нармбаев** (заместитель главного редактора); докт. филос. н., проф., академик НАН РК **А.Н. Нысанбаев**; докт. юр. н., проф., академик НАН РК **С.Н. Сабикенов**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **С.С. Сатубалдин**; докт. юр. н., проф., академик НАН РК **М.К. Сулейменов**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Х.М. Абжанов**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **М.Х. Абусейтова**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Б.А. Байтанаев**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Б.А. Жакып**; докт. фиол. н., проф., чл.-корр. НАН РК **У.К. Калижанов**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Д. Камзабекулы**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Д.П. Кожамжарова**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **М.К. Койгельдиев**; докт. фил. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Ш. Курманбайулы**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Ж.К. Таймаганбетов**; докт. социол. н., проф., чл.-корр. НАН РК **З.К. Шаукенова**; д. фил. н., проф., Почетный член НАН РК **А. Дербисали**

Редакционный совет

академик НАН Республики Молдова **Г. Белостечник** (Молдова); академик НАН Азербайджанской Республики **Н. Велиханлы** (Азербайджан); академик НАН Республики Таджикистан **Т.Н. Назаров** (Таджикистан); академик НАН Республики Молдова **А. Рошка** (Молдова); академик НАН Республики Молдова **Г. Руснак** (Молдова); чл.-корр. НАН Азербайджанской Республики **Ш. Мурадов** (Азербайджан), член-корр. НАН Азербайджанской Республики **З.Сафарова** (Азербайджан); д. э. н., проф. **В.Н. Василенко** (Украина); д.ю.н., проф. **В.А. Устименко** (Украина)

**Известия Национальной академии наук Республики Казахстан. Серия общественных и гуманитарных наук. ISSN 2224-5294**

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан № 10894-Ж, выданное 30.04.2010 г.

Периодичность 6 раз в год

Тираж: 3000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18,  
www:nauka-nanrk.kz / social-human.kz

---

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2015 г.

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

Editor in chief

**S.Zh. Praliyev,**  
academician of NAS RK

Editorial board:

**U.B. Baymuratov**, dr. econ. sc, prof., academician of NAS RK; **K.M. Baipakov**, dr. hist. sc., prof., academician of NAS RK; **G.Ye. Esim**, dr. philos. sc., prof., academician of NAS RK; **S.S. Kirabayev**, dr. phil. sc., prof., academician of NAS RK; **A.K. Koshanov**, dr. econ. sc, prof., academician of NAS RK; **K.N. Naribayev**, dr. econ. sc., prof., academician of NAS RK (deputy editor-in-chief); **A.N. Nysanbayev**, dr. philos. sc., prof., academician of NAS RK; **S.N. Sabikenov**, dr. jur. sc., prof., academician of NAS RK; **M.K. Suleimenov**, dr. jur. sc., prof., academician of NAS RK; **S.S. Satubaldin**, dr. econ. sc., prof., academician of NAS RK; **Kh.M. Abzhanov**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.Kh. Abusseitov**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.A. Baitanayev**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.A. Zhakyp**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **U.K. Kalizhanov**, dr. phil. sc., prof., corr. member of NAS RK; **D. Kamzabekuly**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **D.P. Kozhamzharova**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.K. Koigeldiev**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Sh. Kurmanbaiuly**, dr. phil. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Zh.K. Taymaganbetov**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Z.K. Shaukenova**, dr. soc. sc., prof., corr. member of NAS RK; **A. Derbisali**, dr. phil. sc., prof., honorary member of NAS RK

Editorial staff:

**G. Belostechnik**, NAS Moldova academician (Moldova); **N. Velichanly**, NAS Azerbaijan academician (Azerbaijan); **T.N. Nazarov**, NAS Tajikistan academician (Tajikistan); **A. Roshka**, NAS Moldova academician (Moldova); **G. Rusnak**, NAS Moldova academician (Moldova); **Sh. Muradov**, NAS Azerbaijan corr.member (Azerbaijan); **Z. Safarova**, NAS Azerbaijan corr.member (Azerbaijan); **V.N. Vasilenko**, dr. econ. sc., prof. (Ukraine); **V.A. Ustimenko**, dr. jurid. sc., prof. (Ukraine)

**News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of Social and Humanities.**  
**ISSN 2224-5294**

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of information and archives of the Ministry of culture and information of the Republic of Kazakhstan N **10894-Ж**, issued 30.04.2010

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 3000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,

[www:nauka-nanrk.kz](http://www:nauka-nanrk.kz) / [social-human.kz](http://social-human.kz)

---

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2015

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 2, Number 300 (2015), 168 – 172

**Formation of kazakh professional traditional  
song art and carrying out features**

**Babizhan B.Zh.**

baglan\_2004@mail.ru

Kazakh State Woman Pedagogical university, Almaty, Kazakhstan

**Key words:** professionalism, song, zhir, tradition, art, performance, voice, singer, school, teacher, syncretism, timbre, articulation, instrument, dombyra, accompany, research.

**Abstract.** The Kazakh professional performing art shaped in the 19-th century has reached our days without losing its original shades. In three well-developed traditional Kazakh performing schools, each singing art has its distinctive features. Though the performers and audience both were well-aware about these certain features, they have not been yet recorded theoretically. Although the professional performing art had been taught more than 30 years, such issues like the history of traditional schools, their teaching ways and methods, and style features because of lacking special research works have not been solved yet properly. In this article we review the characters of professional performing arts. Additionally, their distinctions from each other and the syllable chronology of all the previous traditional singers have been identified.

**Становление казахского профессионального  
песенного искусства и исполнительские особенности**

**Бабижан Б.Ж.**

baglan\_2004@mail.ru

Казахский Государственный Женский Педагогический университет

**Ключевые слова:** профессионализм, песня, терме, эпос, традиция, искусство, исполнительство, голос, певец, школа, учитель, синкретизм, тембр, артикуляция, инструмент, домбра, аккомпанирование, исследование.

**Аннотация:** Казахская народно-профессиональная песенная традиция, сложившаяся в XIX веке дошла до нашей дней, исконно, в устном виде. Профессиональное песенное искусство в Казахстане развивалось в трех традиционных школах, каждая из которых имела свои особенности. Хотя исполнитель и слушатель слышали и чувствовали различия между традициями, теоретически этого материала нигде не было. Несмотря на то что больше тридцати лет народно-профессиональное песенное искусство обучается в учебных заведениях – методика обучения и преподавания, история певческих школ, стилистические особенности песенных традиций и многие другие проблемы традиционного пения до сих пор не исследованы на должном уровне. В этой статье выявлена специфика традиционного пения, особенности каждой традиционной школы, и представлена степень развития и бытовая хронология казахского традиционного пения.

Қазақтың кәсіби әншілік өнері Қазақстанда XIX ғасырдың басында қалыптасып, ғасыр ортасында шарықтау шыңына көтерілді. Өзінің қалыптасу кезеңінен бастап кәсіби әншілік өнереліміздің жағрафиялық орналасуына байланысты бірнеше мектептерге бөлінеді. Ғалым-зерттеуші Ақселеу Сейдімбековтың пайымдауынша кәсіби әншілік өнер бес мектепке бөлінеді: Арқа, Жетісу, Шығыс-Түркістан, Сыр бойы, Батыс. Бұл мектептердің әрқайсысы өзіндік музыкалық-стильдік, орындаушылық өнерімен ерекшеленеді. Алайда, қазіргі кезде дәстүрлі ән мамандығын оқытатын жоғары оқу орындарында осы мектептердің үшеуі ғана бекітіліп, оқытылады – ол Арқа, Батыс, Жетісу әншілік мектептері, қалған екеуі сол мектептердің репертуарына еніп, бірге оқытылады. Арқа, Жетісу әншілік мектептері ақындық дәстүрдің негізінде, ал Батыс әншілік дәстүрі жыршылықтың негізінде қалыптасты.

Батыс әншілік мектебінің іргетасын қалаған Мұхит сал, оның жалғастырушылары Ауқат, Қиса, Аманғали, Қайып, Ғарекендер болса, Арқадағы әншілік - Ақан сері, Біржан сал, Сегіз сері, Жаяу Мұса, Мәди, ұзын тізбегі он шақты әнші-композиторлардың есімдерімен байланысты. Ал Жетісудағы әншілік мектептің қалыптасуына себепші болған, дінгегіне ту тіккен - ән дүлдiлі Кенекең деп айтсақ қателеспейміз. Зерттеуші-ғалым Мырзатай Жолдасбеков өзінің „Тоқсан толғау” атты еңбегінде Жетісуда Кененнен де бұрын әншілердің болғандығын жазады. Ғалымның пайымдауынша олар XIX ғасырдың басында өмір сүрген Ақан, Біржандардың замандастары Дәурен сал, Тәкен сал деген сал серілердің жұрнағы, әнші-сазгерлер [1,39]. Жетісуда да әншілік мектеп бірталай әнші-композиторларды тудырған. Олардың алды Қапез, Пішан, Сәдіқожа, Сауытбектер болса, кейінгі әншілік өнер Қарға, Әсімхан, Дәнештермен жалғасқан. Жетісу әншілік дәстүрі туралы толық мағлұматты С.Медубекұлы мен Б.Мүптекеевтың «Жетісу әуендері» атты жинағынан алса болады [2].

Бұл мектептердің қай-қайсысы да сол өңірге жақын кәсіби ақындық немесе жыраулық институттардың қосындысынан пайда болған. Соның нәтижесінде жартылай жырдың мақамдарына, жартылай кара өлеңдерге, халық әндеріне ұқсас әндер туындап „кәсіби ән” деген өз еншісін алып кеткен. Кәсіби әншілік өнердің қалыптасуы жөнінде музыка зерттеуші- ғалым С.Елеманова «Қазақское традиционное песенное искусство» атты еңбегінде жазған болатын [3]. Зерттеуші еңбегінде Арқа әншілік мектебі, Біржан сал, Майра, Маңғыстау әншілері - «Жеті кайқы» өнеріне бөлек-бөлек тарауларда тоқталған.

Әдебиет пен өнер зерттеушілерінің пайымдауынша қазақтың әншілік өнері ақындық, жыршылық дәстүрдің негізінде қалыптасқан. XV-XIX ғасырлар аралығында өмір сүрген ақындардың ең басты сипаты – ерлік, батырлық жырларды жырлап, тарату болғанын әдебиет саласында Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов сияқты ғалымдар айқын байқап, ол туралы өз еңбектерінде құнды пікірлер қалдырған. Жалпы қазақтың әншілік дәстүрі туралы академик А.Жұбанов: «Қазақтың халықтық музыка мәдениетінде, оның ішінде әннің дамуында жыршылар да үлкен рөл ойнады» [4, 419], – деген. Әндегі, әншіліктегі жыршылық сипат әсіресе Батыс өңірінің ән орындау мәнерінде байқалады. Шынтас пен Шайхы, Сартай мен Молдабай сияқты әнші, жыршылардың дәстүрін жалғастырушы, айтулы әнші, актер Ғ.Құрманғалиевті академик А.Жұбанов: «Ол дауысы шалқып жатқан кең дариядай айта қалғандай әнші. Термелеп, желдірмелетіп кетсе алдына кара салмайтын жыршы» [4, 373], – деп бағалаған. Ғ.Құрманғалиевтың шәкірттері де, барлық Батыс әншілік дәстүрді насихаттап жүрген қазіргі заман әншілерінің барлығының репертуарларында жыр-термелердің міндетті түрде болуы жазылмаған заң сияқты. Термелетін, төгіп-төгіп айту – Батыс өңіріндегі әнші, жыршыларға тән қасиет, терме, жыр генетикалық жадында сақталған мағлұмат.

XIX ғасырда өмір сүрген барлық кәсіби әншілер синкретті өнер иелері. Олар тек ән айтып қана қоймай, сол әннің сөзін шығарған ақын, әуенін шығарған композитор да болған. Зерттеуші Т.К.Джумалиева әнші-ақындардың бұл өнері туралы былай дейді: «Бір адамның басына түскен мұндай ақындық, әншілік, орындаушылық қасиеттер жалпы адамзаттық өнер тарихында өте сирек кездесетін құбылыс» [5, 90] Синкреттік өнер - қазақтың кәсіби әншілерінің бірден-бір ерекшеліктері деп нық айтуға болады.

Кәсіби әндерді шығару және орындау тек қана кәсіби әнші-композиторлардың, ақындардың еншісінде болған. Ән міндетті түрде аспап сүйемелімен орындалатын. Қазақтың кәсіби әнші-композиторлары әнді домбыра, сырнай, қылқобыздың сүйемелдеуімен айтқан. Аспаптық сүйемел – кәсіби әншілік өнердің ажырамас, маңызды бөлігі. Кәсіби әншілік өнер халық шығармашылығынан, әдет-ұрып, салт-дәстүр әндерінен ең әуелі осы аспаптық сүйемелімен ерекшеленеді. Бұл мәселені Б.Қарақұлов, Д.Амирова сияқты музыка зерттеушілер өз еңбектерінде қозғаған [6], [7].

Кәсіби әндер халық шығармашылығынан, сондай-ақ, орындау мәнерімен және орындау сапасымен ерекшеленеді. Кәсіби әнді орындаушы міндетті түрде жақсы дауыс иесі, ұстаз алдын көрген, және ерекше қабілетті жан болу керек. Кәсіби әншілердің әдемі дауысы – дала мектебінде қалыптасқан ерекше «вокалдың» нәтижесі. Ел ішінде әдемі дауыс иелерін — «демi зор әнші», «алты қырдан дауысын асырған әнші», «күміс-көмей, жезтандай», «көмейіне бұлбұл ұя салған» деп атап жатады [8,20].

Дәстүрлі әншілердің кәсіби ән орындау кезінде дыбыстардың бай палитрасы, пианиссимодан екі фортеға дейін баратын динамика, жіңішке нюанстар, әр түрлі дыбыстық тембрлер, артикуляциялық

техника қолданады. Бұл туралы нақтырақ музыка зерттеуші Д. Амированың «О казахском народно-профессиональном песенном исполнительстве» атты қолжазба еңбегінде жазылған.

XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың басында Қазақ даласына көптеген орыс және Европа зерттеушілері келген. Олардың көбісі қазақ әндерін тыңдағандағы көңіл-күйлерін, әндердің ерекшеліктерін, әнді орындаушылар туралы өз естеліктерінде жазып кеткен. Белгілі француз ғалымдары Капю және Бунвало 1881 жылы қазақ даласында Ыдырысқұл деген әншімен кездескен, және алған әсерлерін 1882 жылы «Кавказ» газетінің №17 санында жариялаған: «Оның құлағы өте сезімтал, ол әуенді өзгертіп, оны біртіндеп нәзік дыбыстармен әшекейлеп, түрлендіре бастады. Ыдырысқұл – нағыз артист. Оның орындаушылық шеберлігіне ме, әлде әннің сұлулығына ма – қайсысына таң қаларлығыңды білмейсің» [9,67] – деп, әнші мен оның орындаған әніне тамсанады.

Дәстүрлі кәсіби әндер, қалыптасқан кезеңінен бастап осы заманға дейін, міндетті түрде аспап сүйемелімен орындалған. Қазақтар әнді әртүрлі аспаптармен сүйемелдеген: домбыра, қобыз, сырнай, соңғы кезде үш ішеті домбыра және жетігеннің де сүйемелімен әндер айтылып жүр. Әнді қай аспаппен орындаса да әншілер әннің басында міндетті түрде кіріспе-әуен ойнайды, ол көбінесе қайырма әуенінде құралады. Ән сөздері басталғанда сүйемел міндетті түрде бәсеңдейді, себебі әнші дауысының өзін кейде пианиссимоға басады, ал фортеға жеткізген кезде сүйемелді де қаттырақ ойнайды.

Қазіргі таңда үлкен сахналарда орындалып жүрген және оқу орындарында оқытылып жүрген негізгі үш әншілік мектеп сүйемелінің өзара айырмашылығы бар. Бұл айырмашылықты әнші де, тыңдаушы да құлағымен естігенімен түсіндіріп бере алмайды. Осы уақытқа дейін де бұл мәселеге көп зерттеушілер бас ұрған жоқ. Арқа әндері – сол өңірдің күйшілік дәстүрі сияқты шертіп сүйемелденеді. Домбыра сүйемелі кейде қос ішекте, кейде бір ішекте, жоғары мен төмен ішекте кезекпен-кезек жүруі мүмкін. Дауыс созатын жерде әнші қанша уақыт созса, сонша уақыт бір ішекте сол биіктіктегі нотаны шертіп тұра береді. Арқа әндерінде әннің соңында тоникаға келу үшін доминанталық дыбыстар пайдалады, мәселен «сольға» келу үшін оның алдында домбыра сүйемелінде де дауыста да «фа диез» ойналады. Жетісу әндерінің сүйемелі Арқа әндеріне өте ұқсас. Мұнда әндер шертпе қағыспен де біркелкі ырғақтағы қағыспен де сүйемелденеді. Шертпе қағыспен сүйемелденетін әндер көбінесе күрделі әндерге жатады. Жетісу әндерін стереотипты, қос ішекте квартамен жүретін кіріспе-әуендерінен ажыратуға болады. Бұл өңірдің әндері арқа әндеріне қарағанда жүрдек орындалады. Құрылысы жағынан қарапайым болып келеді. Батыс өңірінің әндері – ең әуелі аспап сүйемелімен ерекшеленеді. Осы өңірдің күйлері сияқты әндері де өте жылдам айтылып, қос ішекте, жылдам, орама, кейде теріс, стокаттолық ырғақтағы қағыстармен сүйемелденеді. Бұл әндердің кіріспе-әуендері домбыра мойнының төменгі жағында, яғни жоғарғы ноталарда ойналып барып төменгі тоникаға келеді. Батыс әндерін тыңдағанда әр жолдың соңындағы «а-о-йа» деген артикуляциялық ереже бірден есте қалады. Бұл өлкенің әндері әншіден үлкен дем, күш-қайрат қажет етеді. Кәсіби әншілік мектептердің өзара айырмашылықтарын, ерекшеліктерін анықтау болашақта жүйеленіп, бір ізге түсері сөзсіз.

Дәстүрлі әншінің жоғары деңгейде ән орындауын бұл күнде ғылыми ортада «концертное исполнение» деп атайды. Шын мәнінде де ол орындаушылық сол атауға өте лайық. Тыңдаушыны ерекше сезімге бөлеу, әнді ұғындыру, жүрегіне жеткізу – үлкен шеберлікті қажет етеді. Ал ондай шеберлер әбден шындалған, концерттерге үнемі шығып жүрген сахна майталмандары ғана.

Қазақ даласында қалыптасқан кәсіби әншілік дәстүр барлық түркі халықтардың ауызша өнері сияқты «ұстаз-шәкірт» үрдісі бойынша қалыптасқан. Бұл үрдіс түркі халықтарын дәстүрлі музыка жүйесінде біріктіретін, ортақтастыратын бірден-бір дәстүр. Әр халықтың зерттеушілері бұл тақырыпты зерттеу нысанына алған. Әдетте, әнге құмар жас бала ауылына келген, үлкен әншінің өнеріне тәнті болып, оның соңынан еріп, қасында біраз жүреді. Әнші-ұстаз шәкіртіне өлең шығарудың, ән шығарудың, ән орындаудыңқыр-сырын үйреткен соң, батасын беріп, ол шәкірті өз алдына өнерпаз болып ел аралап кететін. Кейде әнші баланың ата-аналары, өздерінің көңілінен шыққан әншіден бата сұрап баратын. Үлкен әншіден бата алған жас орындаушы халықтың ішінде зор мәртебеге ие болатын. «Бата» сөзінің мағынасы туралы қазақ өнерінің үлкен зерттеушісі С.А.Күзембаева былай дейді: «Бата-соз – один из древнейших видов традиционной культуры многих тюркоязычных и других (славянских, европейских) народов. Магическая сила слова выкристаллизована многовековой жизненной и творческой практикой. Бата создает особую благотворную ауру, положительное психологическое состояние и

высоко нравственный настрой» [10,7]. Бата алған адамның ерекше күшке ие болатындығын, өзін жоғары сезінетіндігін ғалым осылай жеткізеді.

Шын мәнінде де халықтық ұғымда «бата алған адам» деп дайын өнерпазды, дайын әншіні айтатын болған. Кәсіби әншілік өнерде «Үстаз-шәкірт» үрдісі осы күнге дейін сақталып келеді.

Қазақ жерінде қалыптасқан үш дәстүрлі мектептің ең кең тарағаны және мықты дамығаны - Арқа әншілік мектебі. Сол себепті зерттеуімізде кәсіби әншілік өнердің даму сатысы осы мектептің негізінде жасалды. XX ғасырдың басында қазақ даласында қалыптасқан дәстүрлі кәсіби әншілік өнердің екінші толқыны, яғни, өткен ғасырдағы әншілердің шәкірттері осы өнерді кейінгі ұрпаққа жеткізіп, оны әрі қарай дамыта бастады. Бұл кезеңге Әміре Қашаубаев, Ғаббас Айтбаев, Байғабыл Жылқыбаев, Қали Байжанов, Қуан Лекеров, Жабай Тоғандықов, Мұрат Толыбаев тағы басқа әншілер өнері жатады. Осы кезде дәстүрлі өнер синкретизмі өзгеріске ұшырай бастады. Бұлардың көбі тек жеткізуші болды. Яғни композиторлық өнер бірте-бірте сирей бастады.

XX ғасырдың екінші жартысында бұл толқынды тағы бір мықты әншілердің буыны іліп алып кетті, олар – Жүсіпбек Елебеков, Манарбек Ержанов, Мәдениет Ескекеев, Игілік Омаров тағы басқа әншілер. Бұлардың қатарында тек Манарбек Ержанов қана композиторлық дәстүрді жалғастырды, дегенмен ол әндерінің сөзін басқа ақындарға жаздырды. Осылай кәсіби әншілік өнердің синкреттік үрдісі ыдырай бастады. Осы кезеңде дәстүрлі ән орындау европаландырылған бағытқа да беттеп көрді. Күйсандықтың (фортепиано), сырнайдың сүйемелдеуімен ән айтыла бастады. Бұл өнерді Жамал Омарова, Үрия Тұрдығұлова, Рабиға Есімжанова, Рахима Мұсабекова Құрманбек Жандарбеков, Елубай Өмірзақов тағы басқа әншілер дамытты. Мұнда көптеген дәстүрлі әндер өзгеріске ұшырап, біркелкі ырғақпен орындала бастады. Алайда бұл дәстүр кірме дәстүр болған соң, қазақ сахнасында көп тұрақтамай, кейінгі толқын әншілері қайтадан кәсіби әндерді домбырамен орындай бастады.

1970-80 жылдары кәсіби әншілік өнер қайтадан нығая бастады. Бұл кезде Қайрат Байбосынов, Жәнібек Кәрменов, Ғалым Мұхамедин, Тұрсынғазы Рахимов тағы басқа да әншілер өнердің дамуына бар күшін салды. Олардың арасында өздері де осы дәстүрде ән шығаратын композиторлар болды. Дәстүрлі әншілік өнердің қайтадан қалпына келуіне Республикамызда арнайы оқу орындарының ашылуы да көп септігін тигізді. 1965 жылы Алматыда эстрада-цирк студиясы ашылып, онда алғашқы дәстүрлі ән класына еліміздің алыс шалғай жерлерінен домбыра ұстаған жастар келіп, арнайы білім алуға мүмкіншілік алды. 80-ші жылдары дәстүрлі әншілер арасында Республикалық байқаулар ұйымдастырылып, ел ішінен тағы бір топ өнерпаздар суырылып алға шықты. Міне бұл дәстүрлі әншілердің төртінші буыны еді. Бұлардың ішінде Бекболат Тілеухан, Дүйсенбек Өміралиев, батыс әндерін насихаттаушы Сәуле Жанпейсова, Жетісулық Ержан Қосбармақовтарды ерекше атап кетуге болады. 90-шы жылдары Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясында «Халық әні» кафедрасы ашылып, жоғарыда аты аталған әншілер кейінгі буынды тәрбиелей бастады. Қазіргі кезде үлкен сахналарда дәстүрлі әншілік өнердің бесінші, алтыншы буын толқыны өнер көрсетіп жүр. Әншілердің арасында қосымша, композиторлық, ақындық, зерттеушілік өнерді бірге алып жүрген өнерпаздар да баршылық.

Кәсіби әншіліктің зерттелуі туралы соңғы жылдары Халықаралық және Республикалық конференция, симпозиумдарда көп айтылып келеді. Бұл мәселені жоғары деңгейге көтерген атакты музыка зерттеушілер Ф.Караматов, Л.Шахназарова, С.Елеманованың осы салада сіңірген еңбектері зор. Ауызша өнердің кәсібилігі туралы мәселенің осы күнде де аса маңызы зор екендігі туралы С.А. Кузембаева мен Т.Ж. Егінбаеваның соңғы жылдары шыққан еңбектерінде де жақсы жазылған: «Возрастающий интерес к устно-профессиональному творчеству народов Востока, характерный для современного этномузыказнания, обусловил появление работ, посвященных методологическим принципам изучения профессиональной музыки устной традиции. Обоснование профессионального характера музыкального искусства казахов, определение его типа и соотношения с непрофессиональным творчеством, рассмотрение музыкальной стилистики народно-профессиональной песни находится в центре внимания исследователей» [11, 265]. Шын мәнінде де қазақтың кәсіби әншілік өнері, оның ерекшеліктері жайында соңғы жиырма жыл ішінде айтарлықтай зерттеулер жасалды. Бұл тұрғыда қазақ әндерінің ырғақтық ерекшеліктерін анықтаған А.Е.Байгаскинаның, кәсібилік мәселесімен айналысқан С.А.Елеманованың, Д.Амированың, әндердің симметриясымен шұғылданған Б.И.Қарақұловтың, өлшем ерекшеліктерімен айналысқан



И.К.Қожабековтың, әндердің қайырмаларын зерттеген А.Р.Бердібайдың, сондай-ақ, әндердің аймақтық ерекшелерін анықтаған О.Мұсаханнның, К.Төлеутаевтың, Б.Тұрмағанбетованың тағы басқа зерттеушілердің еңбектері ерекше атап кетуге тұрарлық. Соңғы жылдары дәстүрлі ән орындаушылардың ішінде әншілердің ішінен әнші-зерттеушілер шығып, қосымша теориялық білім алып, зерттеушілік жолға түсіп, осы өнерді өздері зерттей бастағаны қуантарлық жағдай. Осы уақытқа дейін атадан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша түрде жеткен кәсіби әншілік өнер, дамуын тоқтатпай, одан әрі өрісі кеңейіп келеді. Кәсіби әншілік өнердің тарихы, жеке әншілердің шығармашылық портреті, аспап сүйемелі, әншілік мектептердің ерекшеліктері сияқты тақырыптар болашақта ғылыми тұрғыда терен зерттеледі деген сенімдеміз.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Жолдасбеков М., Төрәкұлов Н., Токсан толғау. – Алматы.: Өнер, 1992.
- [2] Медеубекұлы С., Мүптекеев Б. Жетісу әуендері. – А.: Өнер, 1998.
- [3] Елеманова С.А., Казахское традиционное песенное искусство. – А.: Дайк-пресс, 2000.
- [4] Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001.– 440 б.
- [5] Джумалиева Т.К. Творчество казахских акынов в контексте единого культурного пространства // Казахская музыка в контексте культур. Алматы, 2002
- [6] Каракулов Б. Ладовые функции домбрового сопровождения в казахских народных вокально-инструментальных жанрах. В кн. Традиции и новаторство. Тезисы межреспубликанской научно-теоретической конференции. Алма-Ата, Минвуз,1980.
- [7] Амирова Д. «К вопросу взаимодействия вокального и инструментального начал в казахских народно-профессиональных лирических песнях». В кн.: Национальное и интернациональное в музыкальном искусстве. Материалы межреспубликанской конференции. Алма-Ата, 1983.
- [8] Ахметова М. Традиции казахской песенной культуры. Алма-Ата, 1984, стр. 20-24.
- [9] Жұмалиева Т., Ахметбекова Д., Ысқақов Б., Қарамемдина Ә., Қоспақов З. Қазақ халқының дәстүрлі музыкасы. – Алматы, 2005.
- [10] Куземабаева С.А. Драматургическая функция дидактических жанров фольклора в казахской опере (на примере «бата-соз») // Традиционная культура казахов: сб. науч. ст.- Алматы: Зият-Пресс, 2004.- С.4-11.
- [11] Куземабаева С.А., Егинбаева Т. Лекции по истории казахской музыки. - Алматы: Издательский дом «Таймас», 2005.- 232с.

#### REFERENCES

- [1] Zholdasbekov M., Torekulov N. *Toksan tolgau*. Almaty.: Oner, 1992. (in Kaz.)
- [2] Medeubekuly S., Muptekееv B. *Zhetisu songs*. Almaty.: Oner, 1998. (in Kaz.)
- [3] Elamanova S.A. *The art of kazakh traditional singing*. A.: Dike-press, 2000. (in Russ.)
- [4] Zhubanov A. *Zamana bulbuldary*. Almaty: Dike press, 2001.– 440 b. (in Kaz.)
- [5] Zhumalievа T.K. “*The creations of Kazakh poets in the context of single cultural area*” *The Kazakh culture in the context of culture*. Almaty, 2002 (in Russ.)
- [6] Karakulov B. “Fret options of dombra accompany in Kazakh folk vocal and instrumental genres” In book. “Traditions and innovation” Abstracts of inter-republican scientific-theoretical conference. Almaty, Minvuz,1980. (in Russ.)
- [7] Amirova D. «On the question of the interaction of vocal and instrumental beginning in Kazakh national professional lyrical». In book: National and international in music. Materials inter-republican conference. Almaty, 1983, (in Russ.)
- [8] Ahmetova M. The Kazakh tradition of singing culture. Almaty, 1984, page. 20-24. (in Russ.)
- [9] Zhumalievа T., Ahmetbekova. D, Iskakov B., Karamemdinа A., Kospakov Z. The traditional music of Kazakh nature. Almaty, 2005. (in Kaz.)
- [10] Kuzembaievа S.A. “Dramaturgic function of didactic genre of folklore in Kazakh opera.” “The traditional culture of kazakh: research article. Almaty: Ziat- press , 2004.page.4-11. (in Russ.)
- [11] Kuzembaeva S.A., Eginbaeva T. «Lectures on the history of Kazakh music». Almaty: Publishing House «Taimas», 2005.- 232p. (in Russ.)

#### Қазақтың кәсіби әншілік өнерінің қалыптасуы және орындаушылық ерекшеліктері

Бәбіжан Б.Ж.

Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Тірек сөздер: кәсібилік, ән, терме, жыр, дәстүр, өнер, орындаушылық, дауыс, әнші, мектеп, ұстаз, синкреттілік, тембр, артикуляция, аспап, домбыра, сүйемелдеу, қағыс, зерттеу.

Аннотация: Қазақтың кәсіби әншілік өнері XIX ғасырда қалыптасып, осы күнге дейін әуелгі қалыбын бұзбай, ауызша түрде жетті. Қазақстанның дәстүрлі үш мектебінде дамыған әншілік өнерінің әрқайсысының ерекшеліктері бар. Орындаушы және тыңдаушы бұл ерекшеліктерді естіп, сезінгенімен, осы уақытқа дейін олар теориялық түрде қағаз бетіне түспеген. Отыз жылдан астам уақыт кәсіби әншілік өнер арнайы оқу орындарында оқытылып келе жатса да, әншілік мектептердің тарихы, оқытулуы, үйрету әдісі, стильдік ерекшеліктері тәрізді мәселелер, арнайы зерттеулердің аздығынан осы күнге дейін шешімін таппай келе жатыр. Бұл мақалада кәсіби әншілік өнердің сипаты, әр мектептің ерекшеліктері, бір-бірінен айырмашылықтары анықталып, дәстүрлі әншілік өнердің осы күнге дейінгі даму сатысы, бындық хронология жасалды.

Поступила 05.03.2015 г.

---

**МАЗМҰНЫ**

Еспаев С.С. Әлемдік экономика және Қазақстан: жаңа үрдістері, міндеттері мен ұсыныстары.....	5
Сабден О., Аширов А. ХХІ ғасырдағы адамзат дамуының концепциясы және азық – түлік қауіпсіздігі.....	15
Днишев Ф.М. Жаңа технологиялық қалыптарды дамытуға мемлекеттік-жеке меншік әдістері.....	30
Бірімбетова Н.Ж. Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың ынталандыру тетіктері.....	36
Османов Ж.Д. Қазақстандағы бағалы қағаздар нарығының институционалды дамуы.....	42
Жаубасов Б. Тиімді мемлекеттік қызмет: сын-қатерлер мен шешімдер.....	49
Абдулвалиева Т.В. Машинажасау өнімінің тиімділігінің өсуін қамтамасыз етудің макроэкономикалық тетіктері.....	56
Айтжанова А.Д. Қазақстанның минералды-шикізаттық кешенінің тұрақты қызмет етуі мақсатында ресурстық-шикізаттық саясатты жетілдірудің векторлары.....	64
Халитова М. Қазақстан азаматтарының жинақталған зейнетақысына кепілдік беру жүйесін жетілдіру.....	71
Байбергенова Л.Ж., Шаймарданова В.К. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде гендерлік тетіктерді қолдану.....	77
Досманбетова М.С., Рузанов Р.М. К.-Э. Свейбидің материалды емес активтерге мониторы негізіндегі қазақстандық кәсіпорындардың зияткерлік капиталын бағалау.....	83
Турсынбаева Д.К., Жадигерова О.Ж., Бекжанова Т.К. Көленкелі экономиканың көлемін бағалау әдістері және оның жетілдіру жолдары.....	90
* * *	
Аюпова З.К., Құсайынов Д.Ө. Қазақстан Республикасындағы азаматтық қоғам қалыптасуының теориялық алғышарттары мен тарихы.....	97
Жанакова Н.Н., Бабажанова Ж.А. Кедейлікпен күрестегі әлемдік саясат: Нидерланды, Германия, Қытай тәжірибесі.....	105
Жохов А.Л., Рақымбек Д., Юнусов А.А., Сайдахметов П.А. <sup>2</sup> , Оразалиева Р.Н. Кәсіби мәдениет - қазіргі заманғы білім беруді жақсартудың басты бағдары.....	112
Сабдалиева Ә.К. Асан Қайғы мен Қазтуған жыраудың шығармаларындағы діни сөздер.....	119
Қожамқұлова Ж.Ж., Қойшыева Т.Қ., Есентаев Қ.Ө. Болашақ мұғалімдерді кәсіби дайындау үдерісінде ақпараттық технология құралдарына оқытуды жобалау негіздері.....	125
Досжан Р.К. Қазақ мәдениетінің дамуына үлес қосқан данышпандар - Абай пен Шәкәрімнің рухани бірлігі.....	129
Кенжебаев Д.А. Әскери-ғарыш саласының тарихи зерттеуі әдіснаманың кейбір сұрақтары.....	133
Плохих Р. В., Бекарыстанова Л. Б., Келинбаева Р. Ж. Елді-мекенді аумақтардың тұрақты дамуы үшін әлеуметтік инфроқұрылымды зерттеудегі ГАЖ.....	140
Байжолова Р.А., Абылкасимова Ж.А. Ұлттық еңбек нарығындағы жұмыспен қамту және тұрғындардың экономикалық белсенділігінің арақатынасы.....	152
Турмамбеков Т.А. Т., Саидхметов П. А., Нуруллаев М.А., Серимбетова А.Е. Мектеп оқушыларының физикадан білімін және шеберлігін критериялы бағалаудың мәселелерін шешудің кейбір негіздері мен жолдары.....	159
Бәбіжан Б.Ж. Қазақтың кәсіби әншілік өнерінің қалыптасуы және орындаушылық ерекшеліктері.....	168
Айтжанова Г.Д. Шет тілдері бойынша оқу құралдарында лексикалық жаттығуларды бекіту жүйесінің кластерлік әдісі.....	173
Исабаева С.Н., Чанбаева М.К., Скакова А.Ж., Рысқұлов Т. Интранет-портал бизнес жүргізудің тиімді құралы.....	183
Исмагулова Р.С. Коммуникативтік құзыреттіліктің шет тілін оқып үйренудегі рөлі.....	186
Дүйсенова Н.Б., Байқазиева Р.Т., Нүсіпбекова А.Н. Білім беру жүйесіндегі компьютерлік технологияны қолдану.....	190
Кердяшкина Г.В. Айтпаев А.Т. Кердяшкин В.В. Іле Аталау тауларындағы жаңадан табылған петроглифтар.....	193
Жүнісова Б.Н. Мемлекет пен ұлт құрау барысындағы тіл саясаты мен реформалары (Қазақстан мен Түркия мысалдарында).....	197
Сериев Б. А., Нұрмағанбет Е.Т. Мемлекеттік инвестициялық құқықтық саясат.....	205
Ізбасова А.Б. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттің тетігі және құқықтық құралдары.....	209
Абдукадирова Ж.А., Қурманбаева М.С. Ботаника пәнін оқытуда соя өсімдігінің онтогенезінде даму ерекшеліктерін студенттердің практикалық білімін арттыру мақсатында қолдану.....	212
Нурланова В.С. Балалар қоғамдық бірлестіктері – баланы әлеуметтендіру факторы.....	218
Анарбекова В.Э. Қырғыз халқының бірегей ескерткіш ретінде жанр «Koshok».....	221
Мусуралиева М.М. Ақпараттық ресурстар - Қырғыз Республикасының саяси қауіпсіздігі үшін құралы ретінде.....	227
Мураталиева Н.Х. Тұлғалық ерекшеліктері және болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің сипаттамаларын зерттеу.....	232
Раева Ч.Т. Математика сабақтарында компьютерлік технологияны қолдану үшін дидактикалық талаптар.....	236
Өпендиев Т.Ө. Қазақстан аумағында неміс диаспорасының миграциялық толқынының пайда болу мәселелері.....	240
Жакупов Ж.А. Қазақ лингвофольклортануының ғылымтанулық тұғыры.....	248
Әліпбек А.З., Таутаева Г.Б. Жастармен әлеуметтік жұмыс жүргізудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері.....	256
Әліпбек А.З., Абдразақова М. Көру қабілеті бұзылған балалардың психофизиологиялық ерекшеліктері.....	263
Бектепова З.А. Заң сапасы: елеулі аспектілерін талдау.....	271
Тайторина Б.А., Тусупбекова С.К. Құқықтың қайнар көздері: заманауи заң ғылымдарындағы интерпретациялау мәселелері.....	276
Ақынова Ж.М. Шет тілін оқытуда интерактивті әдістерді қолдану арқылы студенттердің білім сапасын арттыру.....	287
Турдалиева Ә.Д., Ақынова Ж.М., Тукбабекова К.С. Шет тілін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндігі мен тиімділігі.....	292

СОДЕРЖАНИЕ

**ЭКОНОМИКА КАЗАХСТАНА И ГЛОБАЛЬНЫЕ ВЫЗОВЫ СОВРЕМЕННОСТИ**

<i>Еспаев С.С.</i> Мировая экономика и Казахстан: новые тенденции, задачи и предложения.....	5
<i>Сабден О.С., Аширов А.</i> Концепция развития человечества в XXI веке и продовольственная безопасность.....	15
<i>Днишев Ф.М.</i> Методы государственно-частного партнерства в развитии новых технологических укладов.....	30

**ИНСТИТУЦИОНАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ**

<i>Бримбетова Н.Ж.</i> Механизмы стимулирования развития местного самоуправления в Казахстане.....	36
<i>Османов Ж.Д.</i> Институциональное развитие рынка ценных бумаг в Казахстане.....	42
<i>Жаубасов Б.Ж.</i> Эффективная государственная служба: вызовы и решения.....	49

**ПРИОРИТЕТЫ РАЗВИТИЯ РЕАЛЬНОГО СЕКТОРА ЭКОНОМИКИ**

<i>Абдулвалиева Т.В.</i> Макроэкономические механизмы обеспечения роста эффективности машиностроительной продукции.....	56
<i>Айтжанова Д.А.</i> Векторы совершенствования ресурсно-сырьевой политики в целях устойчивого функционирования минерально-сырьевого комплекса Казахстана.....	64

**ПЕНСИОННАЯ СИСТЕМА И ГЕНДЕРНАЯ ПОЛИТИКА**

<i>Халитова М.М.</i> Совершенствование системы гарантирования пенсионных накоплений граждан Казахстана.....	71
<i>Байбергенова Л.Ж., Шаймарданова В.К.</i> Применение гендерного механизма в системе образования Республики Казахстан.....	77

**ПРИКЛАДНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ НАУКИ**

<i>Досманбетова М.С., Рузанов Р.М.</i> Оценка интеллектуального капитала казахстанских предприятий на основе монитора нематериальных активов К-Э. Свейби.....	83
<i>Турсынбаева Д.К., Жадигерова О.Ж., Бекжанова Т.К.</i> Методы оценки размеров теневой экономики и пути ее совершенствования.....	90

\* \* \*

<i>Аюпова З.К., Кусаинов Д.У.</i> Теоретические предпосылки и история становления гражданского общества в РК.....	97
<i>Жанакова Н.Н., Бабажанова Ж.А.</i> Мировой опыт борьбы с бедностью: на примере Нидерландов, Германии, Китая.....	105
<i>Жохов А.Л., Рахымбек Д., Юнусов А.А., Саудахметов П.А., Оразалиева Р.Н.</i> Культура профессионала – главный ориентир совершенствования современного образования.....	112
<i>Сабдалина А.К.</i> Религиозные слова встречающиеся в поэзии Асан Кайгы и Казтуган жырау.....	119
<i>Қожамақұлова Ж.Ж., Қойшыева Т.Қ., Есентаев Қ.Ө.</i> Основы проектирования обучения средствам информационной технологий в процессе профессиональной подготовки будущих учителей.....	125
<i>Досжан Р.К.</i> Духовное единство мыслителей, внесших вклад в развитие казахской культуры – Абая и Шакарима.....	129
<i>Кенжебаев Д.А.</i> Некоторые вопросы методологии изучения истории военно-космической отрасли.....	133
<i>Плохих Р. В., Бекарыстанова Л.Б., Келимбаева Р.Ж.</i> ГИС в изучении социальной инфраструктуры для целей устойчивого развития селитебной территории.....	140
<i>Байжолова Р.А., Абылкасимова Ж.А.</i> Соотношение занятости и экономической активности населения на национальном рынке труда.....	152
<i>Турмамбеков Т.А., Саудахметов П. А., Нуруллаев М.А., Серимбетова А.Е.</i> О некоторых основаниях и путях решения проблемы критериального оценивания знаний и умений учащихся школы по физике.....	159
<i>Бабижан Б.Ж.</i> Становление казахского профессионального песенного искусства и исполнительские особенности.....	168
<i>Айтжанова Г.Д.</i> Кластерный метод организации лексических упражнений для закрепления в учебниках по иностранному языку для неязыковых школ.....	173
<i>Исабаева С.Н., Чанбаева М.К., Скакова А.Ж., Рыскулов Т.</i> Интранет-портал бизнес жүргізудің тиімді құралы.....	183
<i>Исмагулова Р.С.</i> Роль коммуникативной компетенции в обучении иностранного языка.....	186
<i>Дуйсенова Н.Б., Байказиева Р.Т., Нусипбекова А.Н.</i> Применение компьютерных технологии в системе образования.....	190
<i>Кердяшкина Г.В., Айтбаев А.Т., Кердяшкин В.В.</i> Новая находка петроглифов в высокогорье Заилийского Алатау.....	193
<i>Жунусова Б.Н.</i> Языковая политика и языковые реформы в государственном и национальном строительстве (на примере Казахстана и Турции).....	197
<i>Сериев Б.А., Нурмаганбет Е.Т.</i> Государственная инвестиционно-правовая политика.....	205
<i>Избасова А.Б.</i> Правовые средства и механизмы противодействия коррупции.....	209
<i>Абдукадиров Ж.А., Қурманбаева М.С.</i> Использование в целях повышения практических знаний студентов в изучении особенностей развития сои в онтогенезе на занятиях по ботанике.....	212
<i>Нурланова В.С.</i> Детские общественные организации как фактор социализации ребенка.....	218
<i>Анарбекова В.Э.</i> Жанр «Кошок» как уникальный памятник кыргызского народа.....	221
<i>Мусуралиева М.М.</i> Информационные ресурсы – как инструмент обеспечения политической безопасности КР.....	227
<i>Мураталиева Н.Х.</i> Изучение личностных свойств и особенностей будущих учителей начальных классов.....	232
<i>Раева Ч.Т.</i> Дидактические требования к применению компьютерной технологии на уроках математики.....	236
<i>Апендиев Т.А.</i> Проблемы возникновения миграционного потока немецкой диаспоры в Казахстане.....	240
<i>Жакупов Ж.А.</i> Научно-ведческие позиции казахской лингвофольклористики.....	248
<i>Алипбек А.З., Таутаева Г.Б.</i> Особенности ведения психолого-педагогической социальной работы с молодежью.....	256
<i>Алипбек А.З., Абдразакова М.</i> Психофизиологические особенности детей с нарушениями зрительной способности.....	263
<i>Бектепова З.А.</i> Качество закона: анализ содержательного аспекта.....	271
<i>Тайторина Б.А., Тусупбекова С.К.</i> Источники права: проблемы интерпретации в современной юридической науке.....	276
<i>Ақынова Ж.М.</i> Эффективное использование интерактивной методики обучения иностранному языку в высших учебных заведениях.....	287
<i>Турдалиева Э. Д., Ақынова Ж. М., Туткабекова К.С.</i> Возможности и эффективности использования информационно-коммуникативных технологии в обучении иностранным языкам.....	292

---

**PUBLICATION ETHICS AND PUBLICATION MALPRACTICE  
IN THE JOURNALS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct ([http://publicationethics.org/files/u2/New\\_Code.pdf](http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf)). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www:nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

[social-human.kz](http://social-human.kz)

Редакторы *М.С. Ахметова, Д.С. Аленов, Т.К. Апендиев*  
Верстка на компьютере *Д. Н. Калкабековой*

Подписано в печать 04.04.2015.  
Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.  
21 п.л. Тираж 3000. Заказ 2.

---

---

*Национальная академия наук РК*  
*050010, Алматы, ул. Шевченко, 28, т. 272-13-18, 272-13-19*